Конкурстық құжаттамаға
15-қосымша

Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес сатып алынатын жұмыстардың
техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві" республикалық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	"Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві" республикалық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 18006980-1
Конкурстың атауы:	«Архивтік құжаттардағы қазақ-француз серіктестігі: тарихы мен болашағы» фотоальбомын шығару
Лоттың нөмірі:	№ 81140219-ОК2
Лоттың атауы	Полиграфиялық өнімдерді дайындау/басып шығару бойынша жұмыстар
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	181219.900.000000
Жұмыстың атауы:	Полиграфиялық өнімдерді дайындау/басып шығару бойынша жұмыстар
Өлшем бірлігі:	Жұмыс
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	9051724.14
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	9051724.14
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	

Жұмыстарды орындау мерзімі	20 күнтізбелік күн
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	1. Сатып алынатын жұмыстарды орындауға қойылатын талаптар 1.1. Жұмыс көлемі: қазақ және француз тілдерінде көлемі 220 беттен кем емес, 500 (бес жүз) дана тарихи-құжаттық фотоальбомды басып шығару. 1.2. Басып шығаруға қойылатын талаптар: - атауы: «Архив құжаттарындағы Қазақстан–Франция әріптестігі: тарихы мен перспективалары» – шартты атауы, тапсырыс берушінің бастамасымен өзгеруі мүмкін. - пішіні мен форматы: 220×290 мм-ден (60×90 1/8) 280×340 мм-ге дейін; дайын өнімнің нақты кесінді бойынша пішіні, сондай-ақ кітаптық немесе альбомдық форматы Тапсырыс берушінің келісімі бойынша айқындалады; - мұқабасы: МЕМСТ 22240–76 талаптарына сәйкес 7БЦ үлгісіндегі қатты тұтас қапталған түптеуіш мұқаба, қалыңдығы кемінде 1,25 мм түптеу картонынан дайындалуы тиіс; - толық түсті 4+4, тозуға төзімді қорғаныс жабынын пайдалану (күңгірт/жылтыр ламинация немесе қорғаныс лагі), Тапсырыс берушінің келісімі бойынша өрнекті басу («алтын» немесе «күміс», баспа); 1.3. Баспалық дайындауға, дизайнға және беттеуге қойылатын талаптар - баспалық дайындаудың толық циклі: редакциялық дайындауды, дизайн тұжырымдамасын әзірлеуді, көп бетті беттеуді, түсті түзетуді және баспаға дейінгі дайындауды (Prepress) қамтиды. - ішкі блоктың қағазы борланған (Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жылтыр немесе құрама), кем дегенде 130 г/м^2 немесе Тапсырыс берушінің келісімі бойынша баламалы қағаз, толық түсті офсеттік баспа; - беттері нөмірленген болуы тиіс; - түптеуі берік, түбі жіппен тігілген, блоктары жіптік тігіспен бекітілген болуы тиіс; - кітап блогы – түбі желімделіп, жиектемесі (окантовкасы) жасалған жіптік тігіспен бекітіліп, кейін қатты түптеу мұқабасына қондырылуы тиіс; - екі тілді беттеу - қазақ және француз тілдерімен, соның ішінде диакритикалық таңбалармен дұрыс әрі сауатты жұмыс істеу; - тарихи-құжаттық фотоальбомның дизайны мен макетін (сигналдық данасын) әзірлеу; - иллюстрацияларды әзірлеу: тапсырыс берушімен келісу бойынша беттердің стильдендірілген безендіру шешімдерін әзірлеу. - түсті түзету және кескіндерді өңдеу: құжаттардың түпнұсқалық тарихи мазмұнын өзгертпей, архивтік фотоматериалдарды кәсіби өңдеу, сандық қайта жаңғырту ақауларын ретттеу және түстерін түзету. 1.4. Фирмалық интеллектуалды бетбелгі дайындау - позицияның атауы: QR-коды және үлкейткіш линзасы бар фирмалық интеллектуалды бетбелгі. - саны мен жиынтықталуы: 500 дана - әрбір дайын кітап басылымына 1 (бір) бетбелгіден салынады. - дизайн және баспа: альбомның бірыңғай фирмалық стилінде рәсімдеу, тозуға төзімді жабыны бар толық түсті баспа. - кіріктірілген линза: архивтік құжаттардағы ұсақ мәтіндерді, даталарды, қолтаңбаларды және өше бастаған мәтіндерді оқуға қолайлы кіріктірілген үлкейткіш линза (лупа). - QR-код: кез келген мобильді құрылғылармен сенімді сканирлеуді қамтамасыз ететін жеке орналастырылған, жоғары контрастты QR-код. - QR-кодтың мазмұны: қосымша тарихи құжаттары, фотографиялары, видеоматериалдары, архивтік тізімдемелері мен мультимедиялық контенті бар басылымның арнайы сандық парақшасына

	тікелей өту. - QR-кодтың сипаттамалары мен орналасуы: кез келген мобильді құрылғылармен (смартфондармен және планшеттермен) кедергісіз әрі жылдам сканерлеу мүмкіндігі бар жеке орналастырылған, жоғары контрастты QR-код. 2. Дайын тираждың сапасына қойылатын талаптар 2.1. Дайын тиражда қаріптің сапасыз басылуына, мәтіннің толық басылмауына, бояудың жағылуына, анық емес немесе қосарланып басылуына, иллюстрациялар мен мәтін бөліктерінің бояумен бітеліп қалуына, басылмаған және екі рет басылған парақтардың болуына жол берілмейді. Сонымен қатар беттердің ретінің бұзылуына, жетіспейтін немесе төңкеріліп қойылған беттердің, иллюстрациялар мен олардың астындағы түсіндірме жазулардың, тақырыптардың болуына, айнадағыдай (кері) бейнелердің шығуына, сондай-ақ жыртылған, мыжылған, ластанған парақтар мен өзге де механикалық зақымданулар салдарынан басылымның тауарлық келбетінің нашарлауына жол берілмейді. 2.2. Цифрлық принтерлерде, кеңселік немесе көшірме техникасында, сондай-ақ олардың баламаларында басып шығаруға жол берілмейді. Тираж кәсіби полиграфиялық жабдықта басылып шығарылуы тиіс. Фотоальбомның түптелуі сапалы орындалуы қажет, беттерді парақтаған кезде олардың ажырап кетуіне жол берілмеуі тиіс. Мұқабаның бүктемесі дәл әрі ұқыпты орындалуы, парақтары мінсіз әрі біркелкі кесілуі, ал барлық баспа жолақтарындағы түстердің сәйкестігі қамтамасыз етілуі тиіс. 2.2. Өнім беруші Тапсырыс берушімен келісе отырып, толық түсті басып шығаруға жеткілікті дәрежедегі сапалы иллюстрациялар алу үшін Алматы (филиал) және Астана қалаларындағы Архив ғимаратында фотоқұжаттарды өз бетінше сканерлеуді қамтамасыз етеді; 3. Жұмыстарды жеткізу және қабылдау шарттары 3.1. Шарт күшіне енген күннен бастап Тапсырыс беруші тарихи-құжаттық фотоальбом материалдарын бастапқы шығару деректерімен бірге 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде Өнім берушінің электрондық поштасына жібереді немесе USB флеш-жинақтауышы арқылы ұсынады. Өнім беруші мәтінді алғаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде тарихи-құжаттық фотоальбомды беттеу және жапсырмалау жұмыстарын жүргізеді, Тапсырыс берушімен мұқабаның дизайнын келіседі, тарихи-құжаттық фотоальбомның PDF форматындағы дизайн-макетін әзірлейді және оны Тапсырыс берушінің электрондық поштасына жолдайды. 3.2. Мұқабаның дизайны бір-біріне ұқсамайтын, тұжырымдамалық жағынан ерекшеленетін кемінде 3 (үш) нұсқада әзірленіп, кейін Тапсырыс берушінің келісуіне ұсынылады. 3.3. Өнім беруші Тапсырыс берушімен тарихи-құжаттық фотоальбомның PDF форматындағы түпнұсқа-макеті мен мұқабасының дизайнын келіскеннен кейін 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде 1 (бір) дана сигналдық дананы (осы техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес тарихи-құжаттық фотоальбомның данасын) дайындап, келісу үшін Тапсырыс берушіге ұсынады. Дизайн-макеттің электрондық нұсқасы Тапсырыс берушінің электрондық поштасына жолданады немесе USB-флеш-жинақтағыш арқылы табысталады. 3.4. Тапсырыс беруші сигналдық дананы 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде қарайды, қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді, содан кейін

	оны Өнім берушіге қайта береді. 3.5. Өнім беруші 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде түзетулер енгізіп, 2-ші сигналдық дананы электрондық түрде бекітуге ұсынады. 3.6. Тапсырыс беруші 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде сигналдық дананы қарайды, оның белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және фотоальбомды басып шығаруға арналған 2-ші сигналдық дананы бекітеді. Тапсырыс беруші белгіленген талаптарға сәйкессіздікті анықтаған жағдайда, Өнім беруші 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде пысықталған сигналдық дананы ұсынуға міндетті. 3.7. Тапсырыс беруші сигналдық дананы бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін, Өнім беруші фотоальбомның толық тиражын 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде басып шығарады. 3.8. Материалдарды баспаға жібергеннен кейін Өнім беруші Тапсырыс берушіге фотоальбомның PDF форматындағы түпкілікті электрондық нұсқасын электрондық пошта арқылы ұсынуға міндетті. 3.9. Материалдарға, көлік қызметтеріне, басып шығаруға, буып-түюге, жеткізуге және баспаханалық өнімдерді түсіруге байланысты барлық шығындарды Өнім беруші өз күшімен және өз қаражаты есебінен жүзеге асырады және оларды Тапсырыс берушінің мекенжайы бойынша: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 15 мекенжайына жеткізуді қамтамасыз етеді. 3.10. Өнім берушінің қаражаты есебінен баспа пакеті де сатып алынуы тиіс: - Халықаралық стандартты кітап нөмірі (International Standard Book Number – ISBN); - Әмбебап ондық жіктеу (ӘОЖ); - Кітапхана-библиографиялық жіктеу (КБЖ). 4. Қосымша шарттар 4.1. Өнім беруші құпиялылық талаптарын сақтауға және алынған деректерді үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндетті. 4.2. Өнім беруші материалдар авторларының алдын ала келісімінсіз Тапсырыс берушінің материалдарын басқа да жарияланымдарда пайдалануға құқылы емес. 4.3. Орындалған жұмыстардың нәтижелеріне барлық құқықтар Тапсырыс берушіде қалады.
Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)	

Приложение 15
к конкурсной документации

Техническая спецификация
закупаемых работ, не связанных со строительно-монтажными работами
(заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Республиканское государственное учреждение "Архив Президента Республики Казахстан"
Наименование организатора	Республиканское государственное учреждение "Архив Президента Республики Казахстан"
№ конкурса:	№ 18006980-1
Наименование конкурса:	Изготовление фотоальбома «Казахстанско-французское партнерство в архивных документах: история и перспективы»
Номер лота:	№ 81140219-ОК2
Наименование лота:	Работы по изготовлению полиграфической/печатанию полиграфической продукции
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	181219.900.000000
Наименование работы:	Работы по изготовлению полиграфической/печатанию полиграфической продукции
Единица измерения:	Работа
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	9051724.14
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	9051724.14
Срок выполнения работы:	20 календарных дней
Размер авансового платежа* *:	0 %
Гарантийный срок (в месяцах)	12

Описание требуемых характеристик, параметров и иных исходных данных	1. Требования по оказанию закупаемых работ 1.1. Объем работ: издание историко-документального фотоальбома 500 (пятьсот) экземпляров, на казахском и французском языках объемом не менее 220 страниц. 1.2. Требования к печати: - наименование: «Казахстанско-французское партнерство в архивных документах: история и перспективы» – рабочее название, может поменяться по инициативе заказчика; - формат и ориентация: от 220×290 мм (60×90 1/8) до 280×340 мм - точный обрезной формат готового изделия, а также книжная или альбомная ориентация определяются по согласованию с Заказчиком; - обложка: твердая цельнокрытая переплётная крышка типа 7БЦ по ГОСТ 22240-76, изготовленная из переплётного картона толщиной не менее 1,25 мм; - полноцветная 4+4, использование защитного покрытия устойчивого к истиранию (матовая/глянцевая ламинация или защитный лак), наличие тиснения («золото» или «серебро», печать) по согласованию с Заказчиком; 1.3. Требования к издательской подготовке, дизайну и верстке - полный цикл издательской подготовки: включает редакционную подготовку, разработку концепта дизайна, многостраничную верстку, цветокоррекцию и допечатную подготовку (Prepress). - бумага внутреннего блока мелованная (глянец либо комбинированная по согласованию с Заказчиком), не менее 130 г/м^2 или аналогичная бумага по согласованию с Заказчиком, полноцветная офсетная печать; - страницы пронумерованные; - переплет плотный, гребешок прошитый, ниткошвейная сшивка блоков; - книжный блок – ниткошвейного скрепления, с проклейкой корешка, окантовкой и последующей вставкой в твёрдую переплётную крышку; - двуязычная верстка Корректная работа с казахским и французским языками, включая диакритические символы; - наличие дизайна и верстки макета историко-документального фотоальбома (сигнальный вариант); - разработка иллюстраций: наличие стилизованных решений страниц по согласованию с Заказчиком. - цветокоррекция и обработка изображений: профессиональная обработка, ретушь дефектов цифрового воспроизведения и цветокоррекция архивных фотоматериалов без изменения оригинального исторического содержания документов. 1.4. Изготовление фирменной интеллектуальной закладки - наименование позиции: фирменная интеллектуальная закладка с QR-кодом и увеличительной линзой. - количество и комплектация: 500 штук - по 1 (одной) закладке, вложенной в каждое готовое книжное издание. - дизайн и печать: оформление в едином фирменном стиле альбома, полноцветная печать с нанесением покрытия, устойчивого к истиранию. - интегрированная линза: встроенная увеличительная линза (лупа) для удобного чтения мелкого текста, дат, подписей и угасающих текстов на архивных документах. - QR-код: индивидуально размещенный, высококонтрастный, обеспечивающий уверенное сканирование любыми мобильными устройствами. - содержание QR-кода: прямой переход на специальную цифровую страницу издания с дополнительными историческими документами, фотографиями, видеоматериалами, архивными описями и мультимедийным контентом. - характеристики и

	размещение QR-кода: индивидуально размещенный, высококонтрастный QR-код с возможностью беспрепятственного и быстрого сканирования любыми мобильными устройствами (смартфонами и планшетами). 2. Требования к качеству готового тиража 2.1. В готовом тираже не должно быть дефектов воспроизведения шрифта, непропечатка текста, смазывания краски, нечеткой сдвоенной печати, забитых краской участков иллюстраций и текста, незапечатанных листов, а также листов, запечатанных дважды; не допускаются неправильная последовательность страниц, недостающие, перевернутые страницы, иллюстрации и подписи к ним, заголовки, а также зеркальные изображения, потеря товарного вида из-за рваных, мятых, грязных листов и других механических повреждений. 2.2. Печать на цифровых принтерах, офисной и копировальной технике или аналогах неприемлема. Тираж должен производится на профессиональном полиграфическом оборудовании. Скрепление фотоальбома должно быть качественным, чтобы при перелистывании страницы не откреплялись, фальцовка обложки была верной и четкой, листы идеально ровно подрезаны, цвета на полосах должны совпадать. 2.3. Поставщик, по согласованию с Заказчиком, для получения качественных иллюстраций в разрешении, достаточном для полноцветной печати, обеспечивает самостоятельное сканирование фотодокументов в зданиях Архива в городах Алматы (филиал) и Астана; 3. Условия поставки и принятия работ 3.1. Со дня вступления в силу договора Заказчик направляет материалы историко-документального фотоальбома с выходными данными на электронную почту Поставщика или с помощью USB-флеш-накопителя в течение 1 (одного) календарного дня. Поставщик в течение 5 (пяти) календарных дней после получения текста проводит верстку историко-документального фотоальбома, вклейку, согласовывает с Заказчиком дизайн обложки, изготавливает дизайн-макет историко-документального фотоальбома в формате PDF и направляет его на электронную почту Заказчика; 3.2. Дизайн обложки разрабатывается не менее 3 (трех) концептуально разных, непохожих друг на друга вариантов, которые затем вносятся на согласование Заказчику; 3.3. Поставщик после согласования с Заказчиком дизайн-макета и обложки фотоальбома в формате PDF в течение 3 (трех) календарных дней изготавливает 1-й сигнальный образец в 1 (одном) экземпляре (экземпляр историко-документального фотоальбома согласно требованиям) и направляет его Заказчику для согласования. Электронная версия дизайн-макета направляется на электронную почту Заказчика или передается с помощью USB-флеш-накопителя; 3.4. Заказчик в течение 2 (двух) календарных дней рассматривает 1-й сигнальный экземпляр, при необходимости вносит правки, затем передает его Поставщику; 3.5. Поставщик в течение 1 (одного) календарного дня вносит правки и представляет 2-й сигнальный экземпляр на утверждение в электронном виде; 3.6. Заказчик рассматривает, проверяет на соответствие требованиям и утверждает 2-й сигнальный экземпляр фотоальбома для печати в течение 1 (одного) календарного дня. В случае

	обнаружения Заказчиком несоответствия установленным требованиям Поставщик обязан представить доработанный сигнальный экземпляр в течение 2 (двух) календарных дней; 3.7. Поставщик, после решения Заказчика об утверждении сигнального экземпляра, печатает весь тираж фотоальбома в течение 5 (пяти) календарных дней; 3.8. После передачи материалов в печать Поставщик обязан передать Заказчику окончательную электронную версию фотоальбома в формате PDF по электронной почте; 3.9. Все расходы на материалы, транспортные услуги, печать, упаковку, доставку и разгрузку типографской продукции осуществляются силами и за счет Поставщика по адресу Заказчика: г. Астана, проспект Мәңгілік Ел, 15; 3.10. За счет Поставщика приобретается также издательский пакет: - Международный стандартный книжный номер (International Standard Book Number – ISBN); - Универсальная десятичная классификация (УДК); - Библиотечно-библиографическая классификация (ББК). 4. Дополнительные условия 4.1. Поставщик обязуется соблюдать конфиденциальность и не разглашать полученные данные третьим лицам. 4.2. Поставщик не имеет права использовать материалы Заказчика в других публикациях без предварительного согласия авторов материалов. 4.3. Все права на результаты выполненных работ остаются за Заказчиком.
Условия к потенциальному поставщику в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках (указываются при необходимости) (Отклонение потенциального поставщика за не указание и непредставление указанных сведений не допускается)	